

М. Рахметоллина, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. С. Қосжанов, жалпықұқық және арнайы пәндер
кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЛДЫН АЛУДЫҢ КЕЙБІР ШАРАЛАРЫ

Қазіргі уақыттағы кәмелетке толмағандардың ісі бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу маңызды мәселеге айналып отыр. Мұның бірқатар себептері бар, оларға жасөспірімдердің жеке бас сипаттарының күрделенуі сияқты әлеуметтік құбылыспен байланысты жас категориясына жататын тұлғалардың қылмысы туралы істер бойынша барлық міндетті дұрыс орындау үшін құқық қорғаушы органдар тарапынан көбірек күш салу қажет.

Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептер мен шарттарды жою тұрғысында өте күшейтілуі тиіс. Өйткені қылмыс дегеніміз — әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы — өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

Соңғы екі жылдағы жедел жағдайды талдай отырып, Қазақстан Республикасында криминалдық жағдай жалпы күрделі болып отырғанын атап өту қажет. Қылмыстылық мемлекет пен қоғамның барлық тіршілік ету саласына жағымсыз ықпал етіп, елдің әлеуметтік-экономикалық қалыптасуын бәсеңдетіп, оның халықаралық беделіне нұқсан келтіруін жалғастыруда. Қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы не оларға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Бүгінгі таңда кәмелетке толмағандардың ісі бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу маңызды мәселеге айналып отыр¹.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында Еуропаның көптеген мемлекетіндегідей кәмелетке толмағандардың қылмыстары өсуде. Сол қылмыстардың 40 пайызы ауыр және аса ауыр қылмыстар болып табылады².

Республика бойынша жалпы әрбір 15-ші ауыр қылмысты, әрбір 20-шы кісі өлтіруді, әрбір 16-шы денсаулыққа ауыр зиян келтіруді, әрбір 8-ші қарақшылықты, әрбір 5-ші тонауды және әрбір 13-ші ұрлықты кәмелетке толмағандар жасайды.

Жыл сайын ішкі істер органдарына әртүрлі құқық бұзушылығы үшін 100 мыңға жуық кәмелетке толмаған жасөспірім жеткізіледі, олардың 9 мыңнан астамы немесе жеткізілгендердің жалпы санының 9,4 пайызы панасыз және қадағалаусыз қалған балалар³. Жасөспірімдер қылмысымен күрес біздің қоғамдағы қылмыспен күрес міндеттерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қылмыстың орындалуына жол бермеу шараларын одан әрі күшейтумен қатар, бұл міндеттің орындалуы әрбір жасалған қылмыс үшін әділ жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз етуді де қамтиды. Әрине, жасөспірімдер қылмыстылығын жеңуге сот және тергеу органдарының іс-қызметі ғана емес, сонымен бірге, ең бастысы, ұйымдастыру, алдын алу, тәрбиелеу және т.б. шараларын жүргізу арқылы жетуге болады. Алайда осы шаралар кешенінде сот шаралары ерекше орын алады және оларды дұрыс қолдану нақты оң нәтиже береді. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істерді тергеу және сот талқылауы кезіндегі бірінші әрі негізгісі — процесті кәмелетке толмаған құқық бұзушының өзіне тәрбиелік әсер етуге, оны адал еңбекпен өмір сүруге деген көзқарасын ояту маңызды. Кәмелетке толмағандар қылмысы туралы істер бойынша сот процестері өзге де табансыз, аумалы мінезді жасөспірімдерге нақты ескерту ретінде ықпал етуі, жұртшылықтың назары мен күш-жігерін жасөспірімдер қылмыстылығымен күреске жұмылдыруы, оларды қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен шарттарды жоюға әрекет етуі тиіс.

Он алты жастан қылмыстық жауаптылыққа тартылатын, қоғамға қауіпті әрекеттерді жасағанда және ҚР ҚК 15-бабы 2-тармағында көзделген қылмыстардың элементтері болмаған жағдайда, он алты жасқа толмаған жасөспірімдер қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Осыларға және қоғамдық қауіпті әрекет жасаған, он төрт жасқа толмаған жасөспірімдерді қылмыстылық жауаптылыққа тартпай, оларға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады⁴.

Кәмелетке толмағандардың жас шегін анықтай отырып, заң шығарушы барлық жағдайларды ескереді, дегенмен шешуші маңызды кәмелетке толмағандардың жасына сәйкес келетін психологиялық ерекшеліктерге, әрекетінің қоғамдық қауіпті екендігін сезіну қабілетінің дәрежесіне береді. Кәмелетке толмағандардың көбісіне типтік болып келетін нақты жасқа жеткен, оның интелекті мен еркінің даму ерекшеліктері ескеріледі.

Дүниежүзілік құқықтық кеңістікке кіре отыра, бүгін Қазақстан Республикасы халықаралық БҰҰ ең төменгі стандартты ережелеріне сәйкес, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету ісінде және кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға сот төрелігін іске асыруда алғашқы қадамдарын жасауда:

- Қазақстанның барлық өңірінде бала құқықтарын қозғайтын қылмыстық істерді қарайтын мамандырылған Ювеналды Әділет органдарын құру;
- баланың мүдделерін толық ескеру және оның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау мақсатында, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың құқықтық жауаптылығы туралы 2010 жылы балаларды қорғау бағытындағы ынтымақтастық туралы Конвенцияны (Гаага, 1993 жылғы 29 мамыр) ратификациялау;
- бала құқықтары жөніндегі Ұлттық Омбудсмен лауазымын құру;
- кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарын (КУОБОО) Ішкі Істер министрлігінің қарамағынан алып Білім және ғылым министрлігінің қарамағына беру;
- жергілікті бюджеттер есебінен білім беру ұйымдарына бекітілген полицияның кәмелетке толмаған балалар істері жөніндегі учаскелік инспекторлары (мектеп полицейлері) лауазымын енгізу.

¹ Байболов Қ. Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтары. — Алақөл, 2010. 4-6.

² Алауханов Е. О., Зарипов З. С., Тукеев А. Ж. Преступность несовершеннолетних и ее профилактика: Монография. — Алматы, 2009. — С. 310.

³ Миллер А. Противоправное поведение несовершеннолетних. Генезис и ранняя профилактика. — Киев, 1985. — С. 125.

⁴ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1997 ж. 16 шілде.